



Жария құжат

**Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оның пайдаланылуын
ішкі бақылау
Е Р Е Ж Е С І**

Мәні:	"Tengri Bank" акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Банк) инсайдерлік ретінде анықталған ақпаратты пайдаланумен байланысты туындаған қатынастарды реттейді	
Жасаған:	Комплаенс-бақылау қызметі	
Реттелетін субъектілер:	Инсайдерлік ақпаратқа кіре алатын Банктің барлық бөлімшелері мен уәкілетті органдары/тұлғалары	
Келісілген:	Заң департаментімен; Әдіснама департаментімен; Тәуекелдер департаментімен; Корпоративтік хатшы қызметімен; Ішкі аудит қызметімен	
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің шешімімен	2016 жылғы "30" желтоқсандағы № 43 сырттай дауыс беру шешімі
Қолданысқа енгізу	2017 жылғы "10" қаңтардан бастап	
Келесі ревизия:	қолданысқа енген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін немесе қажет болған кезде өзге мерзімдерде	

Осы Қағида Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 69 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашу қағидасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 29 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі - № 29 қағида) талаптарына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпарат тізбесі мен Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ішкі құжаттар) сәйкес жасалған.

1 бап. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген ұғымдар мен шартты белгілер, сондай-ақ келесі ұғымдар мен шартты белгілер қолданылады:
 - 1) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдары) шығарған (берген) эмитент, оның іске асыратын қызметі туралы шынайы ақпарат, сондай-ақ (Банк Инсайдерлік ақпаратты ресми ашқан сәтке дейін) ашылуы бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін, үшінші тұлғаларға беймәлім өзге ақпарат;
 - 2) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа кіре алатын тұлға;
 - 3) Банк инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімі – жауапты бөлімшелер және/немесе жеке және заңды тұлғалар берген деректердің негізінде келтірілген инсайдерлердің жалпы тізімі;
 - 4) сауда ұйымдастырушы(-лары) – қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының бағасын белгілейтін ұйым;
 - 5) Жауапты бөлімшелер – комплаенс-бақылау бөлімшесінің Банкте инсайдерлер пайда болғаны/тоқтатылғаны туралы уақтылы хабарлануына жауапты, Банктің құрылымдық бөлімшелері. Мұндай құрылымдық бөлімше болып табылатындар – өз қызметі аясында Банк инсайдерлерімен шарттар жасалуын қамтамасыз ететін, Банктің корпоративтік оқиғаларын ұйымдастыруға тікелей қатысатын, клиенттердің мүддесінде қаржы құралдарымен операцияларды іске асыратын, барысында жауапты бөлімшелердің қызметкерлері Банкте инсайдерлердің пайда болғаны/тоқтатылғаны туралы ақпарат ала алатын өзге де әрекеттерді іске асыратын бөлімшелер;

- б) туынды қаржы құралдары – құны болашақта осы шарт бойынша есеп айырысуды көздейтін, шарттың базалық активтерінің көлеміне (көлемінің ауытқуын есепке алғанда) байланысты шарт. Туынды қаржы құралдарына опциондар, фьючерстер, форвардтар, своптар және осындай белгілерге жауап беретін, соның ішінде жоғарыда көрсетілген туынды қаржы құралдарының амалын беретін басқа да қаржы құралдары. Туынды қаржы құралдарының базалық активтері – тауарлар, тауарлардың стандартталған топтамасы, бағалы қағаздар, валюта, индекстер, пайыздық мөлшерлемелер және нарықтық құны бар басқа да активтер, алдағы оқиға немесе міндеттеме, туынды қаржы құралдары.
2. Осы Қағида Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалануын реттеуге бағытталған және оған мыналар кіреді:
 - 1) Банктің инсайдерлік ақпаратын және Банктің инсайдерін анықтау;
 - 2) өкім тәртібін және Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалануын, Банктің инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдерін анықтау, Банктің инсайдерлері тізімін жүргізу, Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқықтарын шектеу;
 - 3) инсайдерлік және құпия ақпараттың пайдаланылуын бақылау іс-шараларын дайындау және іске асыру;
 - 4) Банктің инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қорғау қағидасы;
 - 5) инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік.
3. Банк инсайдерлерінің Банктің инсайдерлік ақпаратына және осы Қағидаға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауларын қамтамасыз ету мақсатында осы Қағида мемлекеттік және орыс тілдерінде, Банктің www.tengribank.kz ресми интернет – сайтында орналастырылады, оған қол жеткізу құқығы Банктің барлық мүдделі тұлғаларында болады, сондай-ақ Банк инсайдерлерінің сұратуы бойынша, оларға Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде берілуі мүмкін.
4. Банктің инсайдерлік ақпараты болып табылатын ақпарат осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес анықталады.
5. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайтын:
 - 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) ұсынымдар дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының), Банктің мүліктік жағдайының құнына немесе бағалы қағаздармен (туында қаржы құралдарымен) операция жүргізу жөніндегі ережелерге қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағасын қоса алғанда, көпшілікке қолжетімді мәліметтердің негізінде әзірленген ақпарат;
 - 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) шығу көзі белгісіз, көптеген адамдардың арасына тараған, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы және жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

2 бап.

Банк инсайдерлері

1. Банк инсайдерлері болып танылатындар:
 - 1) Банктің төрғасы және Директорлар кеңесі;
 - 2) Банктің төрғасы және Басқарма мүшелері;

- 3) басқарушы директорлар, қаржы директоры, Банк кеңесшілері және вице-президенттері, Банктің бас бухгалтері, Банктің филиал директорлары және Банк филиалдарының бас бухгалтерлері, бас комплаенс-бақылаушы, комплаенс-бақылау, ішкі аудит бөлімшелерінің және корпоративтік хатшы бөлімшесінің басшылары мен қызметкерлері;
- 4) өздерінің қызмет жағдайларына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын Банк бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ алқалық органдардың хатшылары, Кеңсе (басшылардың ассистенттері, басшылардың хатшылары, аудармашылары);
- 5) тікелей немесе жанама түрде Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызын иеленуіне, пайдалануына және (немесе) басқаруына қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын тұлғалар;
- 6) талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген, жасалған шарттарға (соның ішінде ауызша) сәйкес аудиторлық ұйым, бағалаушылар, сақтандыру ұйымдары, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Банкке қызмет көрсететін басқа тұлғалар;
- 7) сауданы ұйымдастырушылар, олардың тізіміне Банк шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) кірген;
- 8) сауда жүйесінде бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен күрделі әрекеттер жасау мақсатында жасалған мәмілелерді мойындау мәселелерін қарау мақсатында әзірленген эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының және қор биржасының сарапшы комитетінің директорлар кеңесінің мүшелері;
- 9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның ведомствасының қызметкерлері, өздеріне берілген қызметтер мен өкілеттіктерге байланысты инсайдерлік ақпаратқа кіре алатын мемлекеттік қызметкерлер;
- 10) өздеріне берілген өкілеттіктеріне қарай, Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігіне ие, осы тармақтың 5)–7) тармақшасында көрсетілген, қоғамдық бірлестіктер және Банк пен ұйымдар мүшесі болып табылатын өзін өзі реттеуші ұйымдар;
- 11) осы тармақтың 5)–7) және 10) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын ұйым қызметкерлері;
- 12) жоғарыда аталған тұлғалардан Банктің инсайдерлік ақпаратын алған тұлғалар;
- 13) ақпаратты жария ететін немесе Банкке ақпарат беретін ақпараттық агенттік;
- 14) Банкке және оның бағалы қағаздарына рейтингтер беретін тұлғалар;
- 15) өзімен жасалған еңбек және (немесе) азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын жеке тұлғалар.

3 бап.

Банк инсайдерлерінің тізімін жүргізу тәртібі

1. Комплаенс-бақылау бөлімшесі Банк инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімін жүргізеді (электронды түрде және қағаз тасымалдаушыда), оның өзектілігі сақталып, ай сайын жаңартылып тұрады:
 - 1) осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 1), 2) и 5) тармақшасы бойынша– корпоративтік хатшы бөлімшесі берген деректердің негізінде;
 - 2) осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 3) және 4) тармақшалары бойынша (бөлімше басшылары, басшылардың ассистенттері, аударымашылар, басшылардың хатшыларына қатысты) – қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесі берген деректердің негізінде;
 - 3) осы Қағиданың 2 бабы 4) тармақшасы бойынша (бөлімше қызметкерлеріне қатысты) – жауапты бөлімшелердің басшылары берген деректердің негізінде;
 - 4) осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 6) және 7) тармақшалары бойынша – Банк инсайдерлерімен шарттар жасауға бастама көтерген, жауапты бөлімшелер басшылары берген деректердің негізінде.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген жауапты бөлімшелер ақпаратты комплаенс-бақылау бөлімшесіне инсайдерді Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын тұлғалар тізіміне (бұдан әрі – Банк инсайдерлерінің тізімі) кіргізуге негіз туындаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.
3. Банк инсайдерлері тізіміне тек осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 1)–7) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды ғана кіргізеді. Банк инсайдерлерінің тізімінде жеке деректер болады және құпия құжат болып табылады.
4. Жауапты бөлімшелердің басшылары:
 - 1) жауапты бөлімшенің басқаруындағы мәліметтер мен құжаттарға сүйене отырып, тұлғаның Банк инсайдері ретінде саралануының заңдылығына талдау жүргізеді. Қызметкерді инсайдерлер тізіміне қол жеткізу белгісі болып табылатын – қызметкердің қызмет жағдайымен және еңбек міндеттерімен шартталған, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі;
 - 2) Банк инсайдерлерінің тізімі өзгерген жағдайда, өзгертуге негіз туындаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағиданың 2 қосымшасына сай, ақпаратты комплаенс-бақылау бөлімшесіне береді.
5. Банк инсайдерлерінің – жеке тұлғалардың төмендегі жеке деректерін жинау, өңдеу және сақтау:
 - 1) осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 2)–4) тармақшасында көрсетілген, Банк қызметкерлері болып табылатын, Қазақстан Республикасының "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Заң талаптарына сәйкес жүргізіледі;
 - 2) осы Қағиданың 2 бабы 1 тармағының 1) және 5) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардың тізілімін жүргізу талаптарына сәйкес жүргізіледі.
6. Банк инсайдерлері болып табылатын Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері комплаенс-бақылау бөлімшесіне берілетін ақпараттың толықтығына және шынайылығына, сондай-ақ оның

мерзімдерінің сақталуына және өзектілігінің сақталуына (соның ішінде инсайдер деректемелерінің өзектілігіне қатысты) жеке жауапкершілік алады.

7. Комплаенс-бақылау бөлімшесі:
 - 1) Банктің жауапты бөлімшелерінің Комплаенс-бақылау бөлімшесіне осы Қағиданың 2 қосымшасына сай ақпарат беруін бақылайды;
 - 2) жауапты бөлімшелерден алынған ақпарат негізінде Банк инсайдерлеріне олардың Банк инсайдерлерінің тізіміне кіргені/тізімінен шығарылғаны туралы, Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағиданың 3 және 4 қосымшаларына сай нысан бойынша Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалануы және басқаруы жөніндегі осы Қағиданың талаптарын бұзғаны үшін жауап беретіні жөнінде хабарланды. Хабарлама Банк инсайдерлерінің тізіміне кірген/тізімінен шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей, Банкке мәлім мекенжайға (тапсырыс хатпен) немесе Банк инсайдерлері тізіміне кіргізген/тізімінен шығарған тұлғаның электрондық поштасына жіберіледі. Банк қызметкерлері болып табылатын Банк инсайдерлеріне хабарлама Банктің корпоративтік электронды поштасы арқылы жолданады;
 - 3) Банк инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімін (электронды түрде және/немесе қағаз тасымалдаушыда) олар жасалған күннен бастап бес жыл ішінде сақтайды.
8. осы баптың 4 тармағы 5)–7) және 10) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер:
 - 1) өздерінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын, аталған заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер болып табылған өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;
 - 2) аталған заңды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер болып танылған өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратты және ішкі бақылау қағидасын пайдалануға тыйым салуға қатысты талаптары туралы хабарлауға;
 - 3) Банкке өздерінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай ішкі бақылау қағидасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын өз қызметкерлері туралы хабарлауға;
 - 4) Қазақстан Республикасының "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" заңының талаптарына сәйкес өздерінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын қызметкерлердің жеке деректерінің жиналғанына және Банкке берілгеніне кепілдік беруге міндетті
9. Комплаенс-бақылау бөлімшесі Банктің Басқарма төрағасы немесе оның орнында отырған тұлғаның қолы қойылған, Банк инсайдерлерінің тізімін:
 - 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) – оның талап етуімен, талапта көрсетілген мерзімдерде;
 - 2) қор биржасына – есептік тоқсан аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде, келесі есептік тоқсанның бірінші айының бірінші күніндегі жағдай бойынша, тоқсан сайын;
 - 3) оларға қатысты Банк инсайдерлер болып табылатын (эмитенттің инсайдерлік ақпаратына кіре алатын Банк қызметкерлеріне қатысты)

эмитенттерге – жазбаша сұратуды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде береді.

4 бап. Банк инсайдерлері үшін шектеулер

1. Инсайдерлердің мыналарға құқығы жоқ:
 - 1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қолжетімді жасауға;
 - 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге.
2. Инсайдерлер үшінші тұлғалар мен бұл ақпарат олардың өздерінің қызмет міндеттерін орындауы үшін талап етілмейтін өз қызметкерлері тарапынан инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.
3. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз жария ету қаупі туындаған немесе факті анықталған, немесе Банктің инсайдерлік ақпараты бар құжаттар (ақпарат тасымалдаушылар) жоғалған кезде инсайдер бұл туралы дереу Банкке хабарлауға міндетті.
4. Жауапты бөлімшелерден Банк инсайдерлерініңосы Қағида талаптарын бұзғаны туралы ақпарат алған кезде, соның ішінде қор биржасынан немесе бөтен адамдардан хат түскен жағдайда, Банк кінәлі адамдарды немесе ақпараттың сыртқа шығу көздерін анықтау мақсатында қызметтік тексеру жүргізеді. Тексеру Ұйымдастыру және қызметтік тексерулер/зерттеулер жүргізу тәртібі туралы ережеге сәйкес жүргізіледі¹.
5. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша Банк келесі шешімдерді қабылдайды:
 - 1) Банктің Банктегі шынайы жағдай туралы баспасөз релизін шығару жөнінде; және/немесе
 - 2) тиісті биржаға, қаржылық бақылау органдарына немесе сот органдарына жүгіну туралы; және/немесе
 - 3) осы Қағиданының сақталуын бақылауды күшейту туралы; және/немесе
 - 4) Банктің кінәлі қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы; және/немесе
 - 5) Банк инсайдерінің әрекетінен/әрекетсіздігінен Банкке келтірілген материалдық зиянды және/немесе іскерлік беделіне келтірілген нұқсанды өтеу туралы; және/немесе
 - 6) кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапқа тарту үшін (қылмыс белгілері болған кезде) іс материалдарын құқық қорғау органдарына жіберу туралы; және/немесе
 - 7) өзге де заңды шаралар.

¹ Банк Басқармасының шешімімен бекітілген (2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 31 хаттама), Ұйымдастыру және қызметтік тексерулер/зерттеулер жүргізу тәртібі туралы ереже немесе оның орнына жүретін құжат.

5 бап. Банк бөтен ұйымдардың инсайдері ретінде

1. Банкке бөтен ұйымдардан Банктің ұйым инсайдерлері тізіміне кіргені туралы хабарлама келген кезде, комплаенс-бақылау бөлімшесі:
 - 1) жауапты бөлімшелермен келісе отырып Банктің инсайдер ретінде саралануының заңдылығына талдау жасайды;
 - 2) оң тұжырым жасалған жағдайда, ақпаратты Банк оған қатысты инсайдер болып табылатын ұйымның тізіміне кіргізеді және осы ұйымдардың инсайдерлік ақпаратына кіре алатын Банк қызметкерлерінің (жауапты бөлімшелер берген мәліметтердің негізінде) тізімін жасайды. Ұйымнан тиісті сұрату түскен кезде Банк бес жұмыс күні ішінде Банк қызметкерлерінің осы тізімдерін береді;
 - 3) осы Қағиданың 3 қосымшасына сай Банк қызметкерлеріне олардың бөтен ұйым инсайдерлері болып танылғаны туралы хабарлайды;
 - 4) оларға қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымдардың тізімдерін және осы ұйымдардың инсайдерлік ақпаратына кіре алатын Банк қызметкерлерінің тізімдерін жасалған сәттен бастап бес жыл ішінде сақтайды.
2. Банк оны инсайдерлер тізіміне қосу туралы хабарлама алмаған жағдайда, инсайдерлік болып танылуы мүмкін ақпараттың жария етілгені үшін Банк жауап бермейді.
3. Банкке инсайдерлік ақпаратты ашуды көздейтін шарттар жасаған кезде Банк бөлімшелері комплаенс-бақылау бөлімшесіне тиісті шарттардың жасалғаны туралы хабарлауға және оған қатысты Банк инсайдер болып танылған тұлғаның инсайдерлік ақпаратына кіре алатын өз қызметкерлерінің тізімін осындай шарттар жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге міндетті .
4. Банк оларға қатысты инсайдер болып танылған тұлғалардың инсайдерлер тізімінен Банк қызметкерлері Банк өзінің инсайдерлер тізімінен шығарылғаны туралы хабарлама алған жағдайда немесе оған қатысты Банк инсайдер болып танылған тұлғамен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда шығарылады, ол туралы жауапты бөлімшелер комплаенс-бақылау бөлімшесіне хабарлауға міндетті. Банк қызметкерлері жұмыстан босатылған/орнын ауыстырған жағдайда, Банк қызметкерлері көрсетілген тұлғалардың инсайдерлер тізімінен шығарылуы жауапты бөлімшенің/қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің комплаенс-бақылау бөлімшесіне жіберген тиісті қызметтік жазбаның негізінде іске асырылады.
5. Банк қор биржасының инсайдері ретінде қор биржасына бес жұмыс күні ішінде өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндетіне қатысты қор биржасының инсайдерлік ақпаратына кіре алатын өз қызметкерлері туралы ақпарат береді. Корпоративтік хатшы бөлімшесі ақпаратты жауапты бөлімшелер берген деректердің негізінде жібереді.

Банк қор биржасының инсайдері ретінде инсайдерлік ақпаратына өзі кіре алатын қор биржасына өзінің бағалы қағаздармен жүргізген барлық операциялары туралы, сондай-ақ өзінің қор биржасы белгілеген нысан бойынша қор биржасының акцияларымен операциялар жүргізгені туралы хабарлайды.

6 бап. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу тәртібі және инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау ережесі

1. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу шектеулі және Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаға және Банктің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес іске асырылады.
2. Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын және ол туралы хабардар Банк инсайдерлері Банктің www.tengribank.kz ресми интернет сайтында орналастырылған осы Қағидамен танысуға және осы Қағиданың талаптарын сақтауға міндетті, сондай-ақ Банк белгілеген Банктің инсайдерлік ақпаратына жататын мәліметтердің құпиялылық режимін орындауға және осы мәліметтерге үшінші тұлғалардың қол жеткізуін болдырмау шараларын қолдануға міндетті.
3. Банк қызметкерлері Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты мәліметтерге олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін іске асыру үшін қажетті көлемде қол жеткізу құқығына ие.

Қол жеткізуге негіз болатын – Банктің Басқарма төрағасының немесе Басқарма төрағасы уәкілеттік берген өзге тұлғаның қызметке тағайындау туралы бұйрығы немесе еңбек міндеттерін орындау барысында осы мәліметтердің пайдаланылуын болжайтын өзге өкімші құжат (мысалы жұмыс тобын құру туралы).

Банк қызметкері өзінің қол жеткізуіне рұқсат берілген құпия ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін және Банктің ақпараттық жүйесімен жұмыс істеу тәртібін реттейтін осы Қағидамен, лауазымдық нұсқаулықпен және Банктің ішкі құжаттарымен танысқаннан кейін ғана Банк қызметкерінің Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуіне рұқсат беріледі.

Қызметкердің көрсетілген құжаттармен танысу жауапкершілігі оның басшысына жүктеледі.

4. Мәртебесіне қарай Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратына қол жеткізе алмайтын, бірақ қандай да бір септермен инсайдерлік және құпия ақпаратқа жататын ақпарат мәлім болған Банк немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйым қызметкерлері:
 - 1) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау шараларын қолдануға;
 - 2) мұндай инсайдерлік ақпараттың үшінші тұлғаларға тарауын немесе берілуін болдырмауға;
 - 3) бұл факті жөнінде өзі істейтін құрылымдық бөлімше басшысын және комплаенс-бақылау бөлімшесін ескертуге міндетті
5. Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында Банк:
 - 1) жеке пайдаланушылар мен пайдаланушылар тобының арасында құқықтарды бөлуді, сондай-ақ пайдаланушылардың әрекетін бақылауды көздейтін, Банктің ақпараттық жүйесінің түрлі деңгейіне кіруді шектеу жүйесін енгізді;
 - 2) инсайдерлік ақпаратқа жататын мәліметтерге қол жеткізуге рұқсат алған тұлғаларға олардың Банк аумағында Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауы үшін қажетті жағдай жасайды, соның ішінде бөтен адамдардың инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың материалдық тасымалдаушысы сақтаулы тұрған, Банктің қызмет жайларына кірулерін шектейді;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін бұзған тұлғаларды жауапқа тартуға бағытталған әрекеттерді іске асырады, соның ішінде Банкке келтірілген шығындардың өтелуін талап етеді;

- 4) Банктің инсайдерлік ақпаратты пайдалану тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған өзге әрекеттерді іске асырады.
6. Банк инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету үшін Банктің инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын заңсыз пайдаланудан қорғауға бағытталған арнайы рәсімдерді қосымша енгізуге құқылы, соның ішінде:
 - 1) инсайдерлік ақпаратты алған, пайдаланған, сақтаған кезде Банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекет еті рәсімдері, сондай-ақ инсайдерлік ақпараты бар материалдық құндылықтарды жою;
 - 2) инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін жұмыс орындарын және инсайдерлік ақпаратқа жататын мәліметтердің материалдық тасымалдаушыларын сақтау орындарын кезергісіз қол жеткізуден және бақылаудан қорғау рәсімдері;
 - 3) Инсайдерлік ақпаратты байланыс арналары арқылы жоғалудан және заңсыз қол жеткізуден сақтайтын Банктің ақпараттық жүйесін қорғау рәсімдері.
7. Орындау үшін үшінші тұлғалар Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратына қол жеткізе алатын азаматтық-құқықтық шарттар жасалған жағдайда, шартта үшінші тұлғалардың осы Қағида талаптарын сақтауы туралы міндеттемелер көзделуі тиіс. Осы тармақты сақтау жауапкершілігі Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу мүмкіндігін алатын адамдармен шарт жасауға бастама көтерген жауапты бөлімшелерге жүктеледі.

7 бап.

Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері

1. Банк өзінің инсайдерлік ақпаратын мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру арқылы, мына жолдармен ашады:
 - 1) Банктің корпоративтік хатшы бөлімшесі:

Қор биржасының интернет-ресурсына – www.kase.kz;

Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына – www.dfo.kz.
 - 2) Маркетинг бөлімшесі Банктің жауапты бөлімшесінен корпоративтік электрондық пошта арқылы жіберілетін қызметтік жазбаның негізінде, ақпаратты Банктің корпоративтік сайтына орналастыру тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Банктің ресми интернет-сайтына – www.tengribank.kz.
2. Қаржы есептілігін, аудиторлық есептерді және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге көздері арқылы орналастырылуы тиіс өзге де инсайдерлік ақпаратты қор биржасы мен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында орналастырылған күннен ерте жариялауға (орналастыруға) болмайды.
3. Банк осы Қағиданың 1 қосымшасының 1 тармағында көрсетілген Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарына орналастырады.
4. Осы Қағиданың 1 қосымшасының 2 тармағында көрсетілген, Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын, Банк қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпаратты Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген

тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет-ресурстарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және/немесе қажет болған кезде – Банктің ресми интернет-сайтына орналастырады. Одан басқа бұл ақпарат Банк қызметінде Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын өзгерістер туындаған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, сондай-ақ облигацияларды ұстаушылар өкілдерінің (бар болса) назарына жеткізіледі.

5. Банк инсайдерлік деп таныған өзге ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының (оның берілуі қор биржасының ішкі құжаттарында көзделсе) интернет-ресурстарына орналастырылады және (немесе) Банктің ресми интернет-сайтында жария етіледі.
6. Ашу мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) қор биржасының ішкі құжаттарында анықталмаған инсайдерлік ақпаратты Банк мұндай ақпараттың заңсыз тарап кетуі немесе сыртқа шығуы Банктің бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнының немесе оның қызметінің өзгеруіне әсер еткен жағдайда, қысқа мерзімде ашуы тиіс.
7. Банктің бағалы қағаздары сауда ұйымдастырушылардың тізіміне кірген кезде, Банк және Банк инсайдерлерінің тізіміне кірген тұлғалар сауда ұйымдастырушыларының қағидасында белгіленген тәртіппен және талаптарда, бұл бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда басталғанға дейін, ашылуы олардың құнының өзгеруіне Банк қызметіне әсерін тигізуі мүмкін Банк және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туында қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді.
8. Сауда ұйымдастырушыларының тізіміне кірген бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде айналдырған кезде Банктің инсайдерлік ақпараты келесі тәсілдердің бірімен ашылуы тиіс:
 - 1) Банктің инсайдерлік ақпаратын көп адамдардың арасында ашу болжанған хабарлар тізіміне Банктің бағалы қағаздары кірген барлық қор биржаларының мекенжайына бір уақытта жолданады, сондан кейін Банктің ресми интернет сайтына орналастырылады;
 - 2) Банктің инсайдерлік ақпаратын көп адамдардың арасында ашу болжанған хабарлар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының мекенжайына жолданады, содан кейін тізімдеріне Банктің бағалы қағаздары кірген, шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі және Банктің ресми интернет-сайтына орналастырылады.

9 бап.

Қорытынды ережелер

1. Осы Қағиданы орындамау немесе тиісінше орындамау – тиісті тұлғалардың өз лауазымдық немесе өзге міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы ретінде қаралады, кінәлі тұлғалар тәртіптік және өзге жауапкершілікке тартылады.
2. Осы Қағидада ретке келтірілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнама нормаларына және/немесе ішкі құжаттарға сәйкес шешілуі тиіс.

3. Осы Қағиданың мазмұны Банктің ішкі құжаттарында анықталған тәртіппен Банктің әр қызметкерінің назарына жеткізілуі тиіс.
4. Осы Қағидамен танысуды бақылау Банктің құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының басшыларына жүктеледі.

Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
1 қосымша

Банктің² инсайдерлік ақпарат ТІЗБЕСІ

1. Банктің инсайдерлік ақпаратына Банктің келесі корпоративтік оқиғалары жатады:

- 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер;
- 2) Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған, ол туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелердің тізбесі жөніндегі шешімдер;
- 3) Банктің акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруы және Банктің уәкілетті органының Банктің бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу нәтижелері туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын жоюы;
- 4) Банктің ірі мәмілелерді және қоғам оның жасалуына мүдделі мәмілелерді жасауы. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің 10 және одан астам пайызы сомасына мүлік сатып алынатын немесе иесіздендірілетін мәміле туралы ақпаратқа мәміле тараптары, сатып алынған немесе иесіздендірілген активтер, мәміле мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер кіруі тиіс;
- 5) Банк активтерінің бес және одан астам пайызын құрайтын сомадағы Банк мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
- 6) Банктің жеке капиталы мөлшерінің 25 және одан астам пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;
- 7) Банктің қандай да бір қызмет түрлерін іске асыруға рұқсат алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрлерін іске асыруға бұған дейін алған рұқсаттарын тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 8) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;
- 9) Банк мүлкінің мекенжайы;
- 10) нәтижесінде Банк мүлкі жойылған, баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 және одан астам пайызын құрайтын төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
- 11) Банкті және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 12) корпоративтік дау жөнінде сотта іс қозғау;
- 13) Банкті мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 14) Банк жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын шығару аңдатпасына сәйкес Банк акционерлері мен инвесторларының мүддесін қозғайтын өзге оқиғалар.

² Қазақстан Республикасы заңнамасына инсайдерлік ақпарат түрлеріне қатысты өзгерістер енгізілуіне қарай осы ереженің 1 және 2 тармақтарын комплаенс-бақылау бөлімшесі өзгертеді және/немесе толықтырады. Бұл ретте мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу оларды Банктің Директорлар кеңесінің немесе Банктің өзге уәкілетті органының/тұлғасының қосымша бекітуін талап етпейді.

2. Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын, Банк қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат болып төмендегілер туралы/жөніндегі ақпарат танылады:

- 1) Банк органдары құрамындағы өзгерістер;
- 2) Банктің дауыс беруші акцияларының он және одан астам пайызына ие акционерлерінің (қатысушыларының) құрамындағы өзгерістер;
- 3) Банкті, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банк мүлкіне тыйым салу;
- 5) аталған Банк активтерінің он және одан астам пайызын құрайтын сомада Банк мүлкін кепілге қою (қайта кепілге қою);
- 6) Банк лицензиясын алуы, тоқтатылғаны немесе айырылғаны;
- 7) Банк акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында қабылданған шешімдер;
- 8) ол туралы ақпарат Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;
- 9) әрбір осындай ұйым акцияларының он және одан астам пайызын (үлесін, пайларын) Банк иеленіп отырған ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;
- 10) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару аңдатпасына жасалған өзгерістер;
- 11) Банктің мемлекеттік емес облигацияларды шығару аңдатпасында көзделген талаптарды сақтамағаны, Банк жіберген дефолт фактілері туралы.

3. Банктің өзге инсайдерлік ақпараты

3.1. Банк акцияларының нарықтық құнына айтарлықтай әсер етуі мүмкін инсайдерлік ақпаратқа төмендегілер туралы ақпарат жатады:

- 1) Күн тәртібін, өткізу күнін, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар тұлғалар тізімін жасау күнін бекітуді қоса алғанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 3) Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдануы тиіс келесі шешімдерді қабылдамау факті:

Банк акционерлерінің жылдық (кезекті) жалпы жиналысын шақыру, Банк акционерлерінің жылдық (кезекті) жалпы жиналысын дайындаумен, шақырумен және өткізумен байланысты өзге шешімдер жөнінде;

Банк акционерлерінің жылдық (кезектен тыс) жалпы жиналысын шақыру, аудитордың немесе Банктің дауыс беруші акцияларының кемінде он пайызына ие акционердің талабы бойынша өзге шешімдер жөнінде;

Акционерлер (акционер) ұсынған, Банктің тиісті органына таңдау жөнінде дауыс беру үшін кандидатуралар тізіміне ұсынылған кандидаттарды Банк акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіне кірген мәселелерге енгізілгені немесе енгізуден бас тартылғаны жөнінде;

- 4) Банкті бақылаушы тұлғаның (ірі қатысушының) пайда болғаны, сондай-ақ осындай бақылау негіздерінің тоқтатылғаны туралы;

- 5) Банкті бақылаушы ұйымды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылданғаны;
- 6) Банкте немесе оның еншілес ұйымдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дәрменсіздік (банкроттық) белгілерінің пайда болғаны;
- 7) Банкке талап ету мөлшері оған қатысты қаржылық есептілікті берудің белгіленген мерзімі өтіп кеткен талап арызды немесе Банктің пікірі бойынша қанағаттандырылуы Банктің қаржылық-шаруашылық жағдайына айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін өзге талап арызды бергенге дейінгі есептік кезең (тоқсан, жыл) аяқталған күнгі активтердің баланстық құнының он және одан астам пайызын құрайтын талап арыз берілгені;
- 8) тікелей немесе жанама (өзі бақылайтын тұлғалар арқылы), өз бетімен немесе мүлікті және (немесе) қарапайым серіктестікті сенімгерлікпен басқару шартымен және (немесе) тапсырмамен, және (немесе) акционерлік келісіммен, және (немесе) Банк акцияларымен куәландырылған өзге келісіммен байланысты өзге тұлғалармен бірге көрсетілген дауыстар саны бес пайызды құраса немесе Банктің жарғы капиталын құрайтын дауыс беруші акцияларға тиетін дауыстардың жалпы санының 5, 10, 15, 20, 25, 30, 50, 75 немесе 95 пайызынан көп немесе аз болса, дауыс беруші акциялардың белгілі бір санын басқару құқығын тұлғаның сатып алуы немесе тұлғада ол құқықтың тоқтатылғаны;
- 9) бұған дейін ашылған немесе берілген Банктің қаржы есептілігінде қате анықталғаны;
- 10) Банк бақылайтын ұйымның немесе Банк бақылауындағы ұйымның ол үшін айтарлықтай мәні бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ірі мәміле болып танылған мәмілені іске асырғаны;
- 11) Банктің уәкілетті өкілдері қол қойған тоқсан сайынғы/жылдық есептерде, соның ішінде жиынтық бухгалтерлік (шоғырландырылған қаржылық) есепте бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес бұған дейін ашылған немесе берілген ақпаратты қоспағанда, көрсетілген есептілікке қатысты дайындалған аудиторлық қортындыда бар ақпарат;
- 12) Банспен стратегиялық серіктестік туралы шарт немесе мұндай шарттардың жасалуы Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарының бағасына айтарлықтай әсерін тигізетін жағдайда, өзге шарт жасалғаны;
- 13) Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тұлғалардың Банктің жарғы капиталындағы, еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғы капиталындағы қатысу үлесі мөлшерінің өзгергені;
- 14) Банктің ол орналастырған акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алғаны;
- 15) Банк филиалдарының және (немесе) өкілеттіктерінің құрылғаны;
- 16) Банк акциялары бойынша төленетін дивиденд мөлшері және оны төлеу тәртібі бойынша ұсынымдар;
- 20) Банк шығарған (қосымша шығарған) эмиссиялық бағалы қағаздарды жарасыз деп тану туралы сот шешімі;
- 21) Банктің қаржылық-ақпараттық қызметін қозғайтын ақпарат;
- 22) Банктің коммерциялық құпиясына және өзге құпия ақпаратына жатқызылған ақпарат;
- 23) Банктің бағалы қағаздарының құны туралы тұжырымдамалар мен болжамдар жөнінде;

3.2. Банктің – клиенттер мүддесінде қаржы институттарымен операциялар жүргізетін, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының инсайдерлік ақпаратына клиенттерден алынған мына ақпарат жатады:

- 1) мұндай тапсырмалардың орындалуы тиісті бағалы қағаздардың бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда, клиенттердің бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат;
- 2) клиенттердің:
мұндай тапсырмалардың орындалуы тиісті бағалы қағаздардың бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда, туынды қаржы құралдарымен;
мұндай тапсырмалардың орындалуы тиісті биржа тауарының бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда, клиенттердің базистік активі биржалық тауар болып табылатын туынды қаржы құралдарымен шарттар жасауға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат;

3.3. Банктің – биржа саудасына қатысушының, биржа делдалының инсайдерлік ақпаратына клиенттерден алынған мына ақпарат жатады:

- 1) мұндай тапсырмалардың орындалуы биржа тауарының бағасына айтарлықтай әсер еткен жағдайда, клиенттердің биржа тауарымен мәмілелер жасауға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат;
- 2) мұндай тапсырмалардың орындалуы биржа тауарының бағасына айтарлықтай әсер еткен жағдайда, мұндай тапсырмалардың орындалуы биржа тауарының бағасына айтарлықтай әсер еткен жағдайда, клиенттердің туынды қаржы құралдары болып табылатын шарттарды жасауға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат;

3.4. Банктің инсайдерлік ақпаратына клиенттерден алынған мына ақпарат жатады:

- 1) мұндай тапсырмалардың орындалуы шетел валютасының бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда, клиенттің валюта биржасында шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат;
- 2) мұндай тапсырмалардың орындалуы шетел валютасының бағасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болған жағдайда, клиенттің базистік активі шетел валютасы болып табылатын, туынды қаржы құралдары болып табылатын шарттарды жасауға берген, орындалуы тиіс тапсырмаларындағы ақпарат.

Клиенттерден алынған және орындалуы тиіс, осы қосымшаның 3.4 тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздардың, шетел валютасының, биржа тауарының, туынды қаржы құралдары болып табылатын шарттардың бағасы мен көлемі (саны), осындай тапсырмаларды орындау (сатып алу немесе иесіздендіру (сату), туынды қаржы құралы болып табылатын шарт (шарттар) жасау) үшін іске асырылуы тиіс әрекеттер туралы ақпарат.

Инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
2 қосымша

"__" _____ 20__ жылы "Tengri Bank" АҚ-тағы инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері (мекенжайы), электрондық пошта мекенжайы, телефоны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін/қайта тіркелгенін растаушы құжаттың нөмірі мен күні

Жеке тұлғалар бойынша

№	Тегі, аты және әкесінің аты	Туған күні	Инсайдерлер тізіміне кіру негізі	Негіздің туындаған күні	Тізімнен шығарылған күн	Ескерту
1.						
2.						

Заңды тұлғалар бойынша

№	Заңды тұлғаның атауы	Тіркелген күні	Инсайдерлер тізіміне кіру негізі	Негіздің туындаған күні	Тізімнен шығарылған күн	Ескерту
1.						
2.						

Банктің Басқарма
төрағасы³

³ Банктің Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, бұл тізімге оның орнындағы тұлға қол қояды.

Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
3 қосымша

"Tengri Bank" АҚ инсайдері статусына ие болғаны туралы Х А Б А Р Л А М А Л А Р Н Ы С А Н Ы

Заңды тұлғаға "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртебесіне ие болғаны туралы Х А Б А Р Л А М А

(бұдан әрі – Ұйым) осы арқылы "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк) Ұйымның (төменде көрсетілген негіздердің бірін таңдау қажет):

тікелей немесе жанама түрде Банктің дауыс беруші акцияларының он немесе одан астам пайызын иелену, пайдалану және (немесе) басқару құқығына ие болуына;

эмитенті Банк болып табылатын, тізіміне туынды қаржы құралдары кірген сауда ұйымдастырушысы болып табылуына;

талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген шарттың жасалуына сәйкес (соның ішінде ауызша) Банкке қызмет көрсетуші тұлға болып табылуына байланысты "___" _____ 20__ жылдан бастап Банк инсайдері мәртебесіне ие болғаны туралы хабарлайды.

Соған байланысты Ұйым Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңын қоса алғанда Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға/ашуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және оның пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасын (Банктің www.tengribank.kz ресми интернет-сайтында орналастырылған) сақтауға міндетті, соның ішінде:

- эмитенті Банк болып табылатын, бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа кездері Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді жасамауға;
- үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар жасамауға;
- өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- өз қызметкерлеріне Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының және Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және олардың пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасының талаптары туралы ақпарат беруге;
- Банкке өздерінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және олардың пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлері туралы хабарлауға;

- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және олардың пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банкке өздері мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін өзі реттеуші ұйымдар (мұндай ақпараттарға Банктің инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда) туралы хабарлауға;
- Банкке берілген өздерінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын қызметкерлерінің жеке деректерінің жиналғанына және Қазақстан Республикасының "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" заң талаптарына сәйкес берілгеніне кепілдік беруге;
- өздері мүше болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін өзі реттеу ұйымдарына олардың Қазақстан республикасының заңнама талаптарын, соның ішінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға пайдалануға тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңын, сондай-ақ Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу және оның пайдаланылуын ішкі бақылау ережесінің талаптарын сақтаулары қажеттігі туралы хабарлауға (мұндай ұйымдарға Банктің инсайдерлік ақпараты ашылған жағдайда).

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және оның пайдаланылуын ішкі бақылау ережесін бұзғаны үшін Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікті алады.

Құрметпен,
Банктің Басқарма
төрағасы⁴

Орындаған:
Тегі және аты-жөнінің басқы әріптері
Тел.
Email:

⁴ Банктің Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, бұл хабарламаға оның орнындағы тұлға қол қояды.

Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
3 қосымша
(қосымша)

Жеке тұлғаға "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртебесіне ие болғаны туралы Х А Б А Р Л А М А

_____ (тегін,
атын және әкесінің атын көрсету қажет) осы арқылы "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк)
Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының 56-1 бабы 3 тармағына
сәйкес "___" _____ 201__ жылдан бастап сіздің Банк инсайдері болып танылғаныңыз
туралы хабарлайды.

Соған байланысты сіз Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңын қоса
алғанда Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға/ашуға қатысты Қазақстан
Республикасының заңнама талаптарын, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасын (Банктің www.tengribank.kz ресми интернет-сайтында
орналастырылған) сақтауыңыз қажет, соның ішінде:

- эмитенті Банк болып табылатын, бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен)
мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға
колжетімді етпеуге;
- үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен
мәмілелер жасау туралы ұсынымдар жасамауға.

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізу және олардың пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасын бұзғаныңыз үшін сіз Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес жауап бересіз.

Құрметпен,
Банктің Басқарма
төрағасы⁵

Орындаған:
Тегі және аты-жөнінің басқы әріптері
Тел.

⁵ Банктің Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, бұл хабарламаға оның орнындағы тұлға қол қояды.

Email:

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оның пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасына
3 қосымша
(қосымша)

**Жеке тұлғаға "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртебесіне ие болғаны туралы
Х А Б А Р Л А М А
(Банк қызметкерлері үшін)**

_____ (тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет) осы арқылы Комплаенс-бақылау қызметі Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының 56-1 бабы 3 тармағына сәйкес "_____" _____ 201_ жылдан бастап сіздің Банк инсайдері болып танылғаныңыз туралы хабарлайды.

Соған байланысты сіз Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңын қоса алғанда Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға/ашуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және оның пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасын (Банктің www.tengribank.kz ресми интернет-сайтында орналастырылған) сақтауыңыз қажет, соның ішінде:

- эмитенті Банк болып табылатын, бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйыммен мәмілелер жасаған кезде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа кездері, Банктің немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымның инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- үшінші тұлғаларға Банктің немесе оған қатысты Банк инсайдер болып табылатын ұйымның инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар жасамауға.

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және/немесе Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу және олардың пайдаланылуын ішкі бақылау қағидасын бұзғаныңыз үшін сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап бересіз.

Құрметпен,

Бас комплаенс-бақылаушы/
Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы

Орындаған:

Тегі және аты-жөнінің бас әріптері

Тел.

Email:

Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
4 қосымша

**"Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртбесін жоғалтқаны туралы
Х А Б А Р Л А М А Л А Р Д Ы Ū Н Ы С А Н Ы**

**Заңды тұлғаға "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртбесін жоғалтқаны туралы
Х А Б А Р Л А М А**

____ (бұдан әрі – Ұйым) осы арқылы "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк) " __ " _____ 20__
жылдан бастап "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртбесін жоғалтқаныңыз туралы хабарлайды.

Құрметпен,
Банктің Басқарма
төрағасы⁶

Орындаған:
Тегі және аты-жөнінің бас әріптері
Тел.
Email:

⁶ Банктің Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, бұл хабарламаға оның орнындағы тұлға қол қояды.

Инсайдерлік ақпаратқа қол
жеткізуді және оның
пайдаланылуын ішкі бақылау
қағидасына
4 қосымша
(қосымша)

**Жеке тұлғаға "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртбесін жоғалтқаны туралы
Х А Б А Р Л А М А**

(тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет) осы арқылы "Tengri Bank" АҚ (бұдан әрі – Банк) "___"
_____ 20__ жылдан бастап "Tengri Bank" АҚ инсайдері мәртбесін жоғалтқаныңыз туралы
хабарлайды.

Құрметпен,

Банктің Басқарма

төрағасы⁷

(Банктің мына қызметкерлері үшін: Бас комплаенс-бақылаушы/

Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы

Орындаған:

Тегі және аты-жөнінің бас әріптері

Тел.

Email:

⁷ Банктің Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, бұл хабарламаға оның орнындағы тұлға қол қояды.